

Қатысқандар:7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер.

Тақырыбы: «МДМ жаңа оқу жылына дайындығы».

1. Балалармен жазғы сауықтыру кезеңі туралы есеп .
2. Балабақшаның оқу жылындағы мақсат - міндеттерімен таныстыру.
3. МДМ жаңа оқу жылына дайындығының сараптамасы.
4. МДМ жылдық жоспарды бекіту (сабақ кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)
5. Аттестаттау туралы

Тындалды:

-Бірінші мәселе бойынша медбике Пернебек Гүлсін жазғы сауықтыру жұмысының өтілу барысына есеп берді. Балалардың жазғы маусымда жеткілікті мөлшерде шынықтыру, сауықтыру шараларын қабылдағанын айтып өтті. Балалардың денсаулығын нығайту барысында атқарылған жұмыстарынан фото есеп берді.

-Екінші мәселе бойынша меңгеруші Убайдуллаева Жамила Медетхановна биылғы оқу жылындағы балабақшаның оқу жылындағы мақсат - міндеттерімен таныстырып өтті.

1. «Таным», «Физикалық » дағдыларының мазмұнына сәйкес балаларға қимыл-қозғалыс белсенділігін қатар қарапайым математикалық ұғымдарды тиімді тәсілдермен жан жақты меңгертуге жағдай жасау.

2. «Шығармашылық» пен «Коммуникация» дағдыларын кіріктіру әдісімен балалардың өзара тілдік қатынасы дамыту, олардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін, шығармашылық қабілетін арттыру.Оқу жылындағы кездесетін келеңсіз кемшіліктер болса дер кезінде жойып отыруға, күш біріктіріп тәжірибе алмасып отыруға шақырды.

-Үшінші мәселе бойынша мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығының сараптамасы туралы әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы айтып өтті. Топтар арасындағы жаңа оқу жылына дайындықты «Жұлдыз» ересектер тобы мен «Балапан» кіші тобы жоғары деңгейде көрсете білді. «Таным» дағдысы бойынша дидактикалық материалдар, «Физикалық »дағдысы бойынша дене шынықтыру құралдарын, атрибуттар жасап топтың базасын

жаңартып толықтырған.

4.Мектепке дейінгі мекеменің жылдық жоспары топтардың жылдық перспективасы, айлық, апталық жоспарлары бекітілді. (сабақ кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)

5. Педагогтардың аттестаттау туралы ҚазақстанРеспубликасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі No152 және 2018 жылғы 29 маусымдағы No316

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы No 83 бұйрығына өзгерістер енгізілді деп бұйрықпен таныстырды. Осы сұрақ бойынша аттестаттау комиссиясы төрайымының орынбасары Карымсакова Ақтолқын сөз алды. Ол жоғарыда көрсетілген бұйрық бойынша аттестаттау ережелерімен таныстырды. Бірінші кезеңінде тест сынағы болатындығын және соған дайындықты күшейту қажеттілік туралы айтты. Ұстаздарға портфолио жинатындығы туралы айтып өтті.

Шешімі:

1. Медбике Пернебек Гүлсін жазғы сауықтыру шараларының есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Топтардың жылдық жоспары (сабақ кестесі, күн тәртібінің кестесі, топтың перспективалық, айлық, апталық жоспарлары.)
Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.
3. Педагог қызметкерлерінің өтініштері қабылданып тізімі бекітілсін.
4. Педкеңес шешімдерінің орындалуын қадағалауды өзімнің жауапкершілігіме жүктеймін.

Жиналыс төрайымы: Убайдуллаева Ж.М

Жиналыс хатшысы: Әріпбай Б.Ө



Қатысқандар:6

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер.

Тақырыбы: «Бала тілін жан-жақты дамыту, көркем әдебиет арқылы, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, әдеби шығармаларға қызығушылығын арттыру»

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші Убайдуллаева Ж.М
2. «Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің маңызы.» Баяндама
3. Іскерлік ойын «Сөйлемді аяқта»
4. Көрме «Сергіту сәттері» топтамасы.
5. Халық ауыз әдебиетін жатқа білу сайысы.

Тыңдалды:

-Бірінші мәселе бойынша өткен педкеңесте қаралған педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының ахуалы бойынша айтып өтті. Топтардағы күн тәртібінің сақталуының дұрыс жолға қойылғанын айтып өтті. Тәрбиешілердің күнделікті сабаққа дайындығының, көрнекілік жасау шеберлігінің деңгейін қадағаланып жүргенін айтты.

-Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Абдуали Аяулым «Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің маңызы.» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамасында халқымыздың фольклорына, этнопедагогикасына тереңінен тоқталды. Бесік жыры сәбиге ана сүтімен дариды. Ананың әлдіі баланың қанына, жанына азық береді. Төрт түлік мал туралы, құстар, табиғат, құбылыс туралы өлеңдер баланың дүниетанымын кеңейтеді. Санамақтар баланың ой-қабілетін арттырады. Жұмбақтар баланың қиялын шарықтатады. Ата-бабаларымыз өмірдегі бар асылын ұрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ақ шілдеhana, бесіктойы, тұсаукесу, тілашар рәсімдерін жасаған. Оны өлең жырмен кестелеп, баланың құлағына әуенмен жеткізе білген. Халықтық педагогика - ұлттық қазына, сондықтан да оқу-тәрбие жұмыстарына оны кеңінен қолданып, бала бойына ата-баба өсиеттерін, салт-дәстүрін сіңіріп, халық қамын ойлайтын тілін, дінін терең білетін, ұлтжанды, білімді жас ұрпақ тәрбиелеу баршамызға ортақ міндет.. Бала тәрбиесінде халық ауыз әдебиетінің алатын орны зор екендігі айтылды. Бала тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізіп отыруға болады:

1. Айналада бар, күнделікті өмірде пайдаланып жүрген заттарды көрсету, неден (ағаштан, шыныдан, шыттан, жүннен, темірден т.б.) жасалатынын, кімге, неге, не үшін керек екенін ұғындыру.

2. Баланы белгілі заттардың атына байланысты сөздерден сөйлем құрап айтуға үйрету. Мұндайда «Суретті сөздік» атты кітапшаның пайдасы зор 3. Балалар сөзді, сөйлемді дұрыс айтып, шағын әңгіме құрастыруға дағдылану керек.

Баяндамашы қойылған сұрақтарға жауап берді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер «Сөйлемді аяқта» ойынын өткізді. Бұл ойында тәрбиешілердің сөйлеу мәдениетіне, тапқырлығына, шешендігіне назар аударылды.

Нұсқаушы өлең мазмұны негізінде жақсы қасиеттерді бір қадам алға аттап кол соғуды, достыққа жараспайтын сөздерге керісінше бір қадам артқа жасауды ескертіп отырады.

Қосыл, қосыл шеңберге,

Нағыз адал дос болып.

Қосыл, қосыл шеңберге,

Ең зиянды дос болып.

Қосыл, қосыл шеңберге,

Нағыз жақсы дос болып.

Қосыл, қосыл шеңберге,

Нағыз сараң дос болып!

Ойынға қатысушылар достық қарым-қатынасты орнату, өз пікірін, өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік алды.

«Сөйлемді аяқта»

«Маған дидактикалық ойындар ұнайды, өйткені...»

«Маған балалармен сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастырған ұнайды...»

«Ойындар арқылы бала.....»

«Менің ең сүйікті балалармен ойнайтын ойыным....»

«Мен пікірім балалар үшін ең маңызды ойындар.» «Менің ойымша, әр ойында бала...»

-Төртінші мәселе бойынша әдіскер «Сергіту топтамасы» жинақтарын көріп қорытынды жасады. Сергіту сәттері баланың жұмысқа қабілеттігін арттырып, шаршауды ысырады. Қимыл- қозғалыс арқылы жаттаған тақпақ баланың ойында тез жатталып, көпке дейін естерінде сақтайды.

Сергіту сәті- балалардың дене бітімін, ой өрісін, миын тынықтыру, мүсінін қалыптастыру, сымбаттау, шаршағандықты басу т.б, экологиялық адам ағзасына жайсыз әсерінің алу құралы ретінде әр түрлі физиологиялық жаттығулар және ол әсерлердің зардаптарын

болдырмау, жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімдеу. Сергіту сәтінің бала денсаулығына тигізетін пайдасы туралы ортаға салды .

-Бесінші мәселе бойынша «Халық ауыз әдебиетін жатқа білу» сайысы өткізілді. Сайыста Қарымсакова Ақтолқын мен Сейдалиева Нурдина суырылып алға шықты. Олар өздерінің халық педагогикасы нәрімен сусындағанын көрсете білді.

Қаулы:

1. Баяндама мазмұны қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Сергіту сәттері жинақтары толықтырылсын.
3. Ата-аналармен жұмыс тығыз қарым-қатынаста орнатылсын.

Жиналыс төрайымы: Убайдуллаева Ж.М

Жиналыс хатшысы: Әріпбай Б.Ө



Баяндама

Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің маңызы"

Кіріспе бөлім

Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, тәрбиелесек, сонда ғана біз рухы дамыған, отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре

аламыз.

Н.Ә.Назарбаев.

Қазақ ауыз әдебиеті талай ғасырдан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз. Халық ауыз әдебиетінен халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көреміз.

Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлерінемақал-мәтелдер мен жұмбақтар, санамақтар мен ертегілер, жаңылтпаштар жатады. Бұлардың бәрі отанды сүюге, ерлікке, елін қорғауға тәрбиелейді; халық ауыз әдебиетінен сусындаған баланың тілі ұшқыр, ойы зерек, алғыр, қиялын шарықтатып тіл байлығын молайтады. Ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстыру үшін, алдымен оқылатын материалдың көлемін, мазмұнын жас ерекшелігіне байланысты анықталып алынады. Халық ауыз әдебиетімен таныстыру, арнайы өтілетін оқу қызметімен, сабақтан тыс жүргізілетін ойын, еңбек жұмыстарында іске асады және де баланың сөздік қорын молайтып, әр сөздің мағынасын дұрыс түсініп, қолдана білуі көзделеді; бейнелі, көркем сөздерді қолдана білуге үйретеміз. Қиял дүниесінен тараған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлық жырлар.

Өмір тәжірибесінің қысқаша қортындысы мақал-мәтелдер. Ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар. Қиыннан қиылыстырылған жаңылтпаштар бәрі де балабақшада бала тілінің дамуына әсері мол.

-

Халық ауыз әдебиетінің ең бір саласы ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу, сызу болмаған кезінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіп келеді. Тақырыптың өзектілігі:

Балабақшамызда тәрбиеленушілерге ауыз әдебиетінің үлгілерін үйретуге баса назар аудардық. Онда ертегілер оқу, әңгіме мазмұнын жүйелі байланыстырып, әңгімелеуге үйрету, ертегі-әңгімеде кездескен кейіпкерлердің іс-әрекетіне сай образды сөздер мен диалогтарды, кейбір өле шумақтарын бұлжытпай жатқа айта білу, екі адамның диалогында кездесетін сұрақ, талап-тілектерді білдіретін сөздерге дауыс екпінін дұрыс қою, мәнерлі айта білуге тәрбиелеу талап етілді.

Сәбилердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатуға, тіл байлығын молайтуға ауыз әдебиеті үлгілері ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, халық ойындары арқылы жүзеге асырылуда.

Ауыз әдебиетінің асыл үлгілеріндегі өзекті идея өз ұрпақтарын Отанын, елін, жерін жаудан қорғауға, бостандықты, азаттық үшін күресе білуге, патриотизмге баулу болды. Халық тәрбиесін құндақта жатқан күннен бастап, ат жалын тартып азамат болғанға дейін естіп өскен есті ұрпақ бабалар өсиетін ғасырлар бойы мүлтіксіз іске асыратын болады.

Жұмыстың мақсаты:

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары жас бөбектердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатуға, тіл байлығын молайтуға, дүниетанымын кеңейтуге, балаларды адамгершілікке, тапқырлыққа, еңбекке баулу.

Жұмыстың міндеттері:

1. Балалардың санасынатуған тіліне, халқына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін ұялату.
2. Туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыру.
3. Қиялдарын қанаттандыру.
4. Ұлттық рухты бойларына сіңіру.

Халық ауыз әдебиетінің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі бағыттары:

1. Денсаулық
2. Еңбек пен мамандық
3. Өнер
4. Иmandылық пен адамгершілік
5. Патриоттық
6. Эстетикалық
7. Табиғатқа деген сүйіспеншілік

Педагог міндеті:

1. Халық ауыз әдебиетіне қызықтыру арқылы балалардың тілдік қорларын дамыту..
2. Жеке тұлға дамуында заманауи инновациялық әдістерді қолдану.
3. Халық ауыз әдебиеті арқылы адамгершілікке, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Ауыз әдебиетінің түрлері:

1. Ертегілер
2. Жұмбақтар
3. Жаңылтпаштар
4. Аңыз-әңгімелер
5. Мақал-мәтелдер
6. Тыйымсөздер

Жалпы мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ой-өрісін,
Санасына туған тіліне, халқына деген сүйіспеншілігі мен
Мақтаныш сезімін ұялатып, қиялдарын қанаттандыру, ана тілі мен Отанына, тарихы мен
Мәдениетіне деген сезімдерін қалыптастыруда қазақ
Халқының ауыз әдебиетінің орны ерекше.

Қатысқандар:6

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер.

Тақырыбы: «Театр әрекеті арқылы балалардың тілдерін дамыту »

1. Алдыңғы педкеңестің шешімін орындалуы
2. Театр әрекетінің психологиялық-педагогикалық мәні
3. «Театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту»
- 4.«Балалармен жұмыс барысында театр қызметін пайдалану»
5. «Ертегі ойдан шығару»
(Психологиялық тренинг)
6. Шешімдерді талқылау және қабылдау

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша өткен педкеңесте қаралған педагогикалық ұжымның өздері жасап,жинақтаған сергіту сәттері буклеттері мен жинақ кітапшаларын көріп шықты.Сергіту сәттерінің баланың жас ерекшелігіне сай болуын ұмытпауды ескертті.Сонымен қатар сергіту сәттерінің видео роликтерін де көріп шықты. Видео роликтер балалардың қызығушылығын, би қимылдарына деген икемділігін арттырады.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы театрландырылған ойындардың мазмұны адамгершілік, достық, кішіпейілділік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты қасиеттерді уағыздауға бағытталатынын тілге тиек етті. Театрландырылған драмалық ойындарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар керек. Яғни топта театр бұрышы, саусақтар, қолғаптар т.б болуы керек.Балаларға жануарлардың сыртқы кейпін салып келтіру мақсатында «Тауық пен балапандар», «Қоян мен көжектер», «Аю мен қонжық», «Түлкі мен қасқыр» және т.б драмалық ойындар ұйымдастыруға болады. Қозғалыс әрекеттерін жетілдіру мақсатында мына әдістерді қолдануға болады:

Қимылды көрсету;

Жеке баламен немесе топпен жаттығу жасау.

Сахналық ойындарды көп ойнап, сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда балалардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады. Сахналық ойындарды ұйымдастырмас бұрын балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізу керек:

Тәрбиеші балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар

аудару.

Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлу.

Сұрақ-жауап арқылы кейіпкерлердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалау. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау.

Үшінші мәселе бойынша жарыссөзге шыққан Құдайбергенова Динара мен Абдуали Аяулым театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту жұмысы бойынша түсіндіріп шықты.

-театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;

сөздік қорларын байыту;

-ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;

-кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;

-байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету;

Төртінші мәселе бойынша педкадрлар балалармен жұмыс барысында театр қызметінің пайдаланудың тиімділігін ортаға салды. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері- тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын.

Балалармен жұмыс барысында театр қызметінің пайдалану үшін балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау; қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;

қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдар т.б.)

Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі: -балалар тілі дамиды;

-сөздік қорлары толығады;

-байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;

-дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;

-театр өнеріне деген қызығушылықтары артады.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер педагогтар арасында психологиялық тренинг өткізді.

Қаулы:

1. Балалармен жұмыс барысында театр қызметі толыққанды пайдаланылсын.

2. Әдіскер - өткізген тренингі жоғары деңгейде бағалансын.

Жиналыс төрайымы: Убайдуллаева Ж.М.

Жиналыс хатшы Әріпбай Б.Ө



«Ертегі – ойдан шығару» психологиялық тренинг

Дайындаған: Әріпбай Б.Ө

Тақырыбы: «Ертегі ойдан шығару» психологиялық тренинг.

Бүгінгі тренинг кездесуімізге қош келдіңіздер.

Мақсаты: Тәрбиешілердің психологиялық көңіл күйлерін көтеру, өздеріне құрметпен қарауға баулу, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату және шығармашылық қабілетін арттыру;

Ендеше сіздерге сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастаймыз.

Қайырымды жандар айнала,

Шеңберге келсін жайлана.

Жалықпастан қайта біз,

Махаббат сөзін айтамыз.

Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді.

Бақыттымыз осы біз

Қасымызда досымыз!- тәрбиешілер шеңбер бойына тұрады:

«Қазір бір сәтке балалық шағымызға саяхат жасаймыз. Сіздерді жақын адамдарыңыз бала кездеріңізде еркелетіп қалай атады, соны есімізге түсірейік. Мысалы, мені анам кішкентай кезімде «құлыным» деп атаған. Ал сізді ше?», деп допты келесі адамға береді. Ойын ары қарай жалғасады. Қаншама әдемі аттарды естідік, тамаша!

Көрнекілігі: түрлі-түсті қағаздан қиылған гүлдер, ақ қағаз, қалам, смайликтер; Жүргізілу барысы.

Ұйымдастыру.

1. «Балалалық шаққа саяхат».
2. Топқа бөлу.
3. Ертегі терапиясы.
4. Өз ойынан ертегі құрастыру;
5. Қорытындылау

Тренингімізді бастау үшін қатысушылар ортадан орын алсын.

«Саяхатқа бірге шығайық» тренинг ойын.

Шарты: Көңілді әуен ойнап тұрады. Әуен қосылған кезде барлығымыз билейміз, әуен тоқтаған кезде барлығымыз кемеге отырамыз. Солай ойын

жалғасады.

- Мына стөлден өздеріңізге ұнаған гүл түстерді тандап алуларыңызды сұраймын.

Тәрбиешілер өздері тандап алған түстер бойынша топқа бөлінеді. Қызыл - түсті гүл алған топқа «мейірім», сары түс гүл алған

топқа «қуаныш», жасыл түсті гүл алған топқа «шаттық» сөздері жазылған

атау беріледі, таңдаған түстері туралы мағлұмат беру.

Қызыл түс - өте ерекше сұрақты көп қоятын, ойларын еркін айтатын белсенді адамдар. Бұл топ «мейірім» тобы. Таныс болыңыздар!

Сары түс - оптимизм. Бейбітшілікпен шешуді жақтайтын, ақжарқын адамдар.

«Қуаныш» тобымен таныс болыңыздар!

Жасыл түс- қиялға бай, шығармашыл адамдар. «Шаттық» тобымен таныс болыңыздар!

Ертегі терапиясы: «Жүзіктегі жазулар».

Баяғыда бір хан болыпты. Оның перзенті болмапты. Хан қартайып, өлер шағына жеткен соң: Мен өлгеннен кейін, менің ауламның есігін бірінші болып ашқан адам менің орныма хан болсын,- дейді уәзірлеріне. Хан өлген соң уәзірлері қақпа алдында тұрса, бірінші болып қақпаның есігін бір диуана ашыпты. Ханды жерлегеннен кейін диуананы хан етіп сайлайды. Басқа Диуаналар оны көре алмайды да:

- Сендер мені күндемей-ақ қойыңдар. Менің өмірімнен сендердің өмірлерің жақсы. Сендер өз пайдаларыңды өздеріңе жұмсайсыңдар, өз бастарыңды ойлайсыңдар. Ал мен болсам, халқымды ойлаймын, халқым үшін қызмет етемін дейді.

Осы сөзді айтып хан диуаналарды шығарып салады. Арада біраз уақыт өтеді. Хан диуаналарды ұмытып та кетеді. Ханға қапа болған диуаналар жиналып әңгімелеседі. Сонда бір диуана тұрып:

- Бұл хан бізді менсінбей барады. Біз былай істелік, барлық жиған ақшамызды қосып, бес күміс жүзік істелік. Сол жүзіктердің бетіне бес түрлі өсиет жаздырып, ханға сыйлайық. Сосын патша уәзірлеріне сөйлеген кезде, сол өсиеттерді оқып, мен-менсімейтін болады дейді.

Топтық жұмыс. Диуаналар ханға қандай өсиет сөздерді жүзікке жаздырды. Әр топ өздері жазған өсиет сөздерін топ алдында оқиды. Бұл жүзікте:

Ұлық болсаң, кішік бол,

Менмен болма

Ең жақсы әдет жомарттық

Кішіпейіл бол.

Кем болма, кең бол,- деген өсиеттер жазылады.

Бұл жүзіктерді тағуға барғанда, диуаналар былай дейді:

Әр кезде осы жүзіктерге қарап, өсиеттерді оқып тұр. Сонда ғана сені халқың сыйлайтын қадірлі хан боласың. Хан жүзіктерді өмірінің соңына дейін тағып өтеді де, оны ұрпақтан-ұрпаққа қалдыруға өсиет етеді.

Жантанушы: келесі жұмысымызға келетін болсақ, ол — ертегітерапия, яғни шеңбер бойынша ертегі құрастырамыз. Мен сіздерге ертегінің басын бастап беремін сіздер

жалғастырастырып, келесі адаммен ауысасыз, ол әрі қарай жалғастырады. Соңғы адам ертегіні аяқтайды. Ойымызбен және өз қиялымызбен құрастырылған ертегіні оқимын, сіздер осы ертегіге атау беріңіздер. Қалай атаймыз?Талқылау.

Қорытындылау.

«Жақсы мінез адам өмірінің сарқылмас байлығы», «Айнымас досы бар адам ең бақытты адам», «Мінезі бірқалыпты адамның өмірі де жаймашуақ болады», «Жақсы көңіл күй жан тыныштығы» нақыл сөздерін пайдаланып адам өмірінде жақсы қарым-қатынас жасау үшін мінездің алатын орны ерекше екендігін түсіндіре отырып жұмысты аяқтаймын.

«Смаилик» психологиялық тренингке қатысушы адамдар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін «смаилик» көмегімен көрсетеді.

Педагогикалық кеңес №4

Өткізілген мерзімі: 18.04. 2023ж

Қатысқандар саны-6

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында балалардың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары

1.Талқылау сұрақтары

- Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктері ;
- Сенсорлы –дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету ;
- Қоршаған орта мен табиғатты зерттеу мүмкіндігін қарастыру;
- Оқу іс-әрекеті барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары (педагогикалық тәжірибеден)
- 2.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс- шаралары
- 3. Ұйымдастырылған іс-әрекет «Асық терапиясын » қолдану.

Тыңдалды : бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Әріпбай Б.Ө үстіміздегі жылы 2022-2023 оқу жылының әдістемелік нұсқаулықтардың өгеруіне байланысты оқыту әдіс –тәсілдері де өгергенін еске сала кетті. «Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады.

Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады». Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала – ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, орын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Балалардың сөйлеу тілдері дамыған, бір – бірімен еркін қарым – қатынас жасай алатын, өз жас ерекшеліктеріне сай білімді тұлға қалыптастыру үшін, балаларды жан – жақты дамытуға байланысты жасалған көрнекі – құралдарымен жұмыс жасауды ескертті

Тыңдалды :

Екінші мәселе бойынша Балаларды заман талабына сай жан – жақты білімді, пал етуші мәдениетті тұлға болуларына ықпал етуші ойындармен ортаңғы топ тәрбиешісі Абдуали Аяулым таныстырып өтті.

3. Тыңдалды:

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық терапиясы» қолдану туралы тәрбиеші Сейдалиева Нурдина баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды ұмыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық-ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор.

Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың қимыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтанда біз, ересектер, асық ойындарының жаңа мазмұнда ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған іс әрекеттерде қолдана аламыз. Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық-үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

Шешім:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеті балаларға қызықты әрі күнделікті жан – жақты жүргізілсін.

2. Тәрбиешілер – ұйымдастырылған іс-әрекеті дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз етілсін

1. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, ойындарда «Асық терапиясы» қолданылсын

төрайымы : Убайдуллаева Ж.М

Хатшы : Әріпбай Б.Ө

